

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ

бойынша дипломдық жұмыс
(жұмыс түрінің атауы)
Милебаева Жансая Адлетовна
(Білім алушының Т. А. Ә.)
ОБ 6В07308 - "Инженерлік жүйелер
(Шифр және ББ атауы) және желілер"

Тақырып:

малдықорған қаласындағы 300 тәектік
аурухананың жылу және желдету жүйелерін
жобалау

Дипломдық жұмыс бағаланып және берілген
тапсырмаға сәйкес уақытында орындалған,
көлемі - есептік-нұсқаулыққа - 35 парақ,
графикалық бөлімі - 5 парақтан тұрады.

Дипломдық жобалауға уақытында кірісіп
отыратын деңгейде жаппай мен желдету
жүйелерінің элементтерін арнайы әдістемелер
қолданып, өз еркімен қабілетімен алатынын
көрсете білді, әсіресе арнайы есептер
орындаушы және заманауи аспаптар
мендеп, салыстыра ала білді.

Дипломдық жұмыс 98% бағаланып орындалған,
ал білім алушы

ОБ 6В07308 - "Инженерлік жүйелер және
желілер" бойынша бақылау дәрежесін
беруге болыды.

Ғылыми жетекші

М. К. Асқаров
(лауазымы, оқу дәрежесі, атағы)

Жүргізуші Т. А. Ә. Мұра
(қолы)

«26» 06 2025 ж.

РЕЦЕНЗИЯ

бойынша Дипломдық жұмыс
(жұмыс түрінің атауы)

Тембаева Жансая Ахметовна
(Білім алушының Т. А. Ә.)

6304306 - Инженерлік инженерлік және инженерлік
(Шифр және ББ атауы)

Тақырып бойынша: Ташкент қаласындағы 300 тәсілдің

ауруханасын жасау және инженерлік инженерлік жұмыс

Орындалды:

- а) Графикалық бөлім 5 парақтарда
б) түсіндірме жазба 35 беттерінде

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУЛЕР

Инженерлік инженерлік және инженерлік жұмыс
жасау бойынша Тембаева Жансая Ахметовна
«Ташкент қаласындағы 300 тәсілдің
ауруханасын жасау және инженерлік инженерлік жұмыс»
жұмысы тақырыбында орындаған дипломдық жұмысында
жасау бойынша бірінші кезеңдерден кейін СТ және
СТ тәсілдерін орындаған.
Инженерлік инженерлік және инженерлік жұмыс
жасау бойынша Тембаева Жансая Ахметовна
«Ташкент қаласындағы 300 тәсілдің
ауруханасын жасау және инженерлік инженерлік жұмыс»
жұмысында орындаған.

Жұмысты бағалау

Осымен Тембаева Жансая Ахметовна Инженерлік
инженерлік және инженерлік жұмыс жасау бойынша
«Ташкент қаласындағы 300 тәсілдің ауру-
ханасын жасау және инженерлік инженерлік жұмыс»
жұмысында орындаған дипломдық жұмысында
жасау бойынша 98% орындаған.

Рецензент

А.И.Н., ассистент,
(лауазымы, оқу дәрежесі, атағы)

Тембаева Жансая Ахметовна Т. А. Ә.
(қолы)

«05» мамыр 2025 ж.

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Телибаева Жансая Адлетовна

Тақырыбы: Телибаева Жансая Адлетовна (дипломдық жазба)

Жетекшісі: Куляш Нурпеисова

1-ұқсастық коэффициенті (30): 12.5

2-ұқсастық коэффициенті (5): 5.4

Дәйексөз (35): 0.5

Әріптерді ауыстыру: 39

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 11

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 30.05.25т

Кафедра меңгерушісі

Телибаева Р. А.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Телибаева Жансая Адлетовна

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Телибаева Жансая Адлетовна (дипломдық жазба)

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 12.5

Коэффициент Подобия 2: 5.4

Микропробелы: 11

Знаки из других алфавитов: 39

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 30.05.2022

Заведующий кафедрой

Алимова Р.
Алиму

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Телибаева Жансая Адлетовна

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Телибаева Жансая Адлетовна (дипломдық жазба)

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 12.5

Коэффициент Подобия 2: 5.4

Микропробелы: 11

Знаки из здругих алфавитов: 39

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 30.05.2022

проверяющий эксперт

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам

Т.Қ. Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы

6B07306 –Инженерлік жүйелер және желілер

Телибаева Жансая Адлетовна

«Талдықорған қаласындағы 300 төсектік аурухананы жылу және желдету
жүйелерін жобалау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B07306 –Инженерлік жүйелер және желілер


Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам

Т.Қ. Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.
 К.К. Алимова
«04» «06» 2025ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Талдықорған қаласындағы 300 төсектік аурухананы жылу және
желдету жүйелерін жобалау»

6B07306 –Инженерлік жүйелер және желілер


Орындаған



Телибаева Ж.А.


Рецензент

техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 Байкенжеева А.С.
«06» «06» 2025ж.

Жетекші

техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 Нурпеисова К.М.
«06» «06» 2025ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Басенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Инженерлік жүйелер және желілер» кафедрасы

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.

К.К. Алимова

« 31 » 01 2025ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Телибаева Жансая Адлетовна

Тақырыбы: Талдықорған қаласындағы 300 төсектік аурухананы жылу және желдету жүйелерін жобалау

Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың 2025 жылғы «29» қантар №26-П/Ө бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмыстың тапсыру мерзімі

«26» Мамыр 2025ж

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: Ғимарат қабаттарының жоспарлары, қарастырылып отырған қаланың климатологиялық деректері.

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиялары;

в) Экономика.

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

1) Жертөле қабатының жылыту және желдету жүйесі; 2) 1 қабаттың жылыту және желдету жүйесі; 3) 2 қабаттың жылыту және желдету жүйесі; 4) Жылыту жүйесінің аксонометриялық сұлбасы; 5) Техналогиялық карта.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	03.02.2025 – 31.03.2025	<i>орындалады</i>
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	01.04.2025 – 15.04.2025	<i>орындалады</i>
Экономика	16.04.2025 – 29.05.2025	<i>орындалады</i>

Аяқталған дипломдық жоба үшін, оған қатысты бөлімдердің жобасын көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	К.М.Нурпеисова техн. ғыл. канд., қауым. проф.	16.04.25	<i>Нурпеисова</i>
Экономика	К.М.Нурпеисова техн. ғыл. канд., қауым. проф.	30.04.25	<i>Нурпеисова</i>
Норма бақылаушы	А.Н.Хойшиев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	05.05.25	<i>Хойшиев</i>

Жетекші

Нурпеисова Нурпеисова К.М.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

Телибаева Телибаева Ж.А.

Күні

« 04 » 02 2025ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста Талдықорған қаласында салынатын 300 төсектік аурухана ғимаратына арналған жылыту және желдету жүйелері жобаланып, олардың технико-экономикалық негіздемесі жасалды. Жоба аясында нысанның сәулет-жоспарлау шешімдері талданып, ішкі жылу жүктемелері есептелді, сондай-ақ тиімді және үнемді инженерлік жүйе түрлері таңдалып, олардың гидравликалық және аэродинамикалық есептері жүргізілді.

Жобаның нәтижесінде аурухана ғимаратының энергия үнемдеуші, экологиялық қауіпсіз және тиімді жұмыс істейтін жылыту мен желдету жүйесінің толық жобасы ұсынылды.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе были спроектированы системы отопления и вентиляции для здания больницы на 300 коек, которые будут построены в городе Талдықорған, и разработано их технико-экономическое обоснование. В рамках проекта были проанализированы архитектурно-планировочные решения объекта, рассчитаны внутренние тепловые нагрузки, а также выбраны эффективные и экономичные виды инженерных систем, проведены их гидравлические и аэродинамические расчеты.

В результате проекта был предложен полный проект энергосберегающей, экологически безопасной и эффективно функционирующей системы отопления и вентиляции здания больницы.

ABSTRACT

In this diploma project, heating and ventilation systems were designed for a 300-bed hospital to be built in Taldykorgan. The feasibility study for these systems was also developed. Within the project, architectural and planning solutions for the facility were analyzed. Internal thermal loads were calculated and efficient and economical types of engineering systems were selected. Hydraulic and aerodynamic calculations for these systems were also carried out.

As a result, a complete design for an energy-efficient and environmentally friendly heating and ventilation system for the hospital was proposed. This system would ensure efficient and effective operation of the building.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	6
1 Негізгі бөлім	7
1.1.1 Жобаның конструктивтік шешімдері	7
1.1.2 Қоршаулардың жылу-техникалық есебі	8
1.2.1 Қоршаушы құрылымдардың жылу жоғалуы	12
1.2.2 Жылыту жүйесінің конструкциялық құрылымы	15
1.2.3 Сумен жылыту жүйесінің гидравликалық есебі	17
1.3.1 Ғимаратта желдету жүйесін ұйымдастыру	19
1.3.2 Сыртқы және ішкі ауаның есептік параметрлерін таңдау	20
1.3.3 Ауа алмасу еселігі бойынша ауа ағынын ұйымдастыруды анықтау	21
1.3.4 Аэродинамикалық есептеу	22
1.3.5 Желдету қондырғыларын таңдау	25
2 Құрылыс-монтаждау жұмыстарының технологиясы	28
2.1 Монтаждау жұмыстары	28
2.2 Материалдар сипаттамасы	31
2.3 Күнтізбелік жоспар	32
3 Экономика	33
3.1 Келтірілген шығындар	33
ҚОРЫТЫНДЫ	37
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	38

КІРІСПЕ

Бұл дипломдық жобаның тақырыбы – Талдықорған қаласындағы 300 төсектік аурухананы жылу және желдету жүйелерін жобалау. Нысанның медициналық мақсатта пайдаланылуына байланысты жобалау барысында, әсіресе желдету жүйесін әзірлеуде, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау ерекше маңызды болып табылады.

Жобаның басты мақсаты – емдеу, тұрғын және қосалқы үй-жайларда тұрақты әрі қолайлы микроклиматты қамтамасыз ету. Жылыту және желдету жүйелері ішкі температураны, ылғалдылықты және ауа тазалығын нормативке сай деңгейде ұстап тұруы тиіс. Сондай-ақ әртүрлі мақсаттағы аймақтар арасында ауаның араласуын болдырмай, техникалық бөлмелердегі шудың деңгейін қадағалау қажет. Бұл жағдайлар пациенттердің сауығу процесін жеделдетіп қана қоймай, медициналық персоналдың тиімді жұмыс істеуіне де оң әсер етеді, сонымен қатар еңбек заңнамасының талаптарына сай жағдай жасайды.

Жылыту жүйесі жылдың суық мезгілінде – 14 қазаннан 15 сәуірге дейін, Талдықорған қаласында сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы $+8^{\circ}\text{C}$ -тан төмен түскенде жұмыс істейді. Жобада екі құбырлы су жылыту жүйесі қарастырылған. Ең алдымен қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебі жүргізіліп, соның негізінде әрбір үй-жайдың жылу шығыны анықталады. Бұл жылыту құрылғыларын дәл таңдауға және бүкіл жүйені гидравликалық есептеуге мүмкіндік береді. Жылу шығындарын нақты анықтау үшін климаттық нормаларға сәйкес ең суық 5 күннің температурасы есепке алынады. Жобада екі құбырлы су жылыту жүйесі қарастырылған.

Желдету жүйесі «таза» және «аса таза» деп саналатын үй-жайлар үшін санитарлық талаптарға толық сәйкес етіп жобаланады. Ол таза ауаны белгіленген көлемде беруді, оны сүзуді, ластанған ауаны шығаруды және әртүрлі функционалдық мақсаттары бар аймақтар арасында ауа ағындарының араласуына жол бермеуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, шудың төмен деңгейін сақтап, бір адамға қажетті нормаланған ауа мөлшерін жеткізеді. Бұл шаралар емдеу мекемесінде қауіпсіз, жайлы және гигиеналық орта қалыптастыруға бағытталған.

Осылайша, жылыту және желдету жүйелерін тиімді жобалау – аурухана ғимаратының пайдалану шарттарын жақсартуға, науқастардың денсаулығына, қызметкерлердің еңбек жағдайына және құрылыс пен санитарлық нормаларға сәйкестікке тікелей ықпал етеді.

1 Негізгі бөлім

1.1.1 Конструктивтік шешімдер

Талдықорған қаласында 300 төсекке арналған аурухана кешені жобалануда. Ғимарат екі жер үсті қабатынан және бір жер асты деңгейінен тұрады. Жертөле жылытылмайды, техникалық функцияларды орындау үшін қолданылады. Сондықтан бұл жерде қаланың магистральдық жылу желілеріне қосылған жылу пункті орналасқан. Мұндай шешім ғимаратты тұрақты және тиімді жылумен қамтуды қамтамасыз етеді.

Сыртқы қоршау құрылымдарының жалпы қалыңдығы 400 миллиметр. Қабырға бірнеше қабаттардан тұрады. Негізгі тірек элементі – қалыңдығы 250 мм гипсобетон. Одан кейін алюминиймен қапталған ISOVER M40-AL минералды мақта плиталарынан жасалған 100 мм жылуоқшаулағыш қабат. Құрылымды ішкі әрлеу қабаты (50 мм) аяқтайды, ол қабырғаның жылу және дыбыс оқшаулау қасиеттерін арттырады.

Ішкі бөлімдер бос панельдерден жасалады. Оларда желдету арналары қарастырылған. Мұндай инженерлік шешім бөлмелер арасында табиғи ауа алмасуды жақсартып, ішкі ауа сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Сыртқы есіктер ретінде әйнектелген алюминий және металл блоктар қолданылады. Терезе конструкциялары металл пластиктен жасалған және жылу шығыны мен шудан жақсы қорғауды қамтамасыз етеді, бұл әсіресе емдеу мекемесі үшін маңызды.

Шатыр жабыны битум-полимер негізіндегі роликті материалдарды қолдану арқылы орындалған. Бұл гидроизоляцияның сенімділігін арттырады және шатырдың қызмет ету мерзімін ұзартады.

Үй жайларды функционалды бөлу санитарлық нормаларды ескере отырып жүзеге асырылады:

- Бірінші қабатта кіру аймақтары, дәрігерлік қабылдау кабинеттері және амбулаториялық емхана блогы орналасқан.
- Екінші қабатқа операциялық блоктар, зертханалар және медициналық қызметкерлерге арналған кеңсе бөлмелері кіреді.

Жобада қабылданған инженерлік шешімдер барлық қажетті коммуникацияларды: жылыту, желдету және ауаны баптау жүйелерін іске асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жобалау кезінде өртке қарсы нормалар мен мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімділік ескерілді.

1.1.2 Қоршаушы құрылымдардың жылу-техникалық есебі

Жылу-техникалық есептеу – бұл ғимараттардың жылу сақтау қабілетін және олардың энергия үнемдеу талаптарына сәйкестігін анықтауға бағытталған маңызды инженерлік шаралар жиынтығы. Мұндай есептеулер ғимарат ішіндегі жайлы температураны қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар энергияны тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Осы есептеу арқылы әрбір бөлмені немесе бүкіл ғимаратты жылыту үшін қанша жылу энергиясы қажет екені нақты анықталады. Бұл артық шығынның алдын алуға және ішкі ортада тұрақты микроклиматты сақтауға септігін тигізеді.

Жылу техникалық есеп жүргізу барысында ғимараттың сыртқы қоршаушы құрылымдарының: қабырғалардың, терезелердің, шатырлардың, еденнің жылу өткізгіштікке қарсы тұру қасиеттері есептеліп, ҚР ҚН 2.04-107-2013 «Құрылыс жылу техникасы» нормативіне сәйкес жүргізіледі.

1.1 кесте – Қабырға материалының жылутехникалық сипаттамалары

Материалдардың атауы	Қалыңдығы δ (м)	Тығыздығы ρ (кг/м ³)	Жылу өткізгіштік λ (Вт/(м·°C))
табиғи тас (гнейс/базальт)	0,05	2800	3,49
алюминиймен қапталған минералды мақта плиталары	0,1	50	0,052
гипстік негіздегі жеңіл бетон	0,25	2000	0,47

Ғимараттың қоршаушы құрылымдарына жылутехникалық есеп жүргізу барысында, ішкі ортада санитарлық-гигиеналық және жайлылық талаптарын қамтамасыз ету үшін жылуөткізуді шектеу қабілетін сипаттайтын жылуөткізуге қарсы кедергінің (талап етілетін кедергі) мәні анықталады.

Бұл көрсеткіш келесі формула бойынша есептеледі

$$R_o^{mp} = \frac{n \cdot (t_i - t_o')}{\alpha_B \cdot \Delta t_H}, \text{ м}^2 \cdot \text{°C} / \text{Вт} \quad (1.1)$$

мұндағы n – сыртқы ауаға қарағанда қоршаушы құрылымдардың сыртқы беттерінің орнына байланысты ескеретін коэффициент, қабылданады;

t_i – ғимарат ішіндегі нормативтік температура, °C;

t_o' – сыртқы ауаның есептік температурасы, °C;

α_B – қоршаудың ішкі беттерінің жылу беру коэффициенті, Вт/м²·°C, қабылданады;

Δt_H – ішкі ауа температурасы мен қоршаудың ішкі бетіндегі температуралар арасындағы нормаланатын температуралық айырымы қабылданады.

Бірнеше қабаттан тұратын қоршаушы құрылымның жалпы жылулық кедергісі келесідей анықталады:

$$R_0 = R_\theta + R_\kappa + R_H, \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}/\text{Вт} \quad (1.2)$$

мұндағы $R_\theta = \frac{1}{\alpha_\theta}$ – қоршаудың ішкі беттерінің жылулық кедергісі, м²°C/Вт;

α_θ – қоршаудың ішкі беттерінің жылу беру коэффициенті, Вт/м²°C;

$R_\kappa = R_1 + R_2 + \dots + R_n$ – көп қабатты сыртқы қоршаудың жалпы жылулық кедергісі, м²°C/Вт;

$R_1 = \frac{\delta_1}{\lambda_1}, R_2 = \frac{\delta_2}{\lambda_2}, R_n = \frac{\delta_n}{\lambda_n}$ – әр қабатының жылулық кедергісі,

$R_H = \frac{1}{\alpha_H}$ – қоршаудың сыртқы бетінің жылулық кедергісі, м²·°C/Вт;

α_H – қоршаудың сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті.

Сыртқы қоршау конструкцияларының жылу өткізгіштікке қарсы кедергісін есептеу барысында энергия үнемдеу талаптары ескеріледі. Бұл үшін жылыту маусымына тән температуралық айырма мен оның ұзақтығына байланысты жылыту кезеңінің градус-тәуліктері (ЖМГТ) есептеледі:

$$ЖМГТ = (t_i - t_{om}) \cdot n_o \quad (1.3)$$

мұндағы t_{om} – жылыту мезгіліндегі сыртқы ауаның орташа температурасы, °C;

n_o – жылыту мезгілінің ұзақтылығы, тәулік.

Талдықорған қаласы үшін осы есепті қарастырайық.

Ең алдымен жобалауға қажетті деректер ҚР ҚН 2.04-01-2017* Құрылыс климатологиясынан анықтап алайық (суық мезгіл) :

1) Ең суық бескүндіктің температурасы 0,92 қамтамасыздықпен $t'_o = -25,3$ °C;

2) Орта тәулікті ауаның температурасы 8 °C тең жылыту кезеңінің ұзақтығы $n_o = 172$ тәулік;

3) Жылыту кезеңінің температурасы орта тәуліктік ауа температурасымен 8 °C тан кіші немесе тең $t_{om} = -1,5$ °C; [2]

$$ЖМГТ=(t_i-t_{opt}) \cdot n_o =(20+(-1,5) \cdot 172=3182$$

Жылыту маусымының градус-тәуліктері (ЖМГТ) мәніне сүйене отырып, сыртқы қоршаушы құрылымдардың жылу беру процесіне қарсы келтірілген кедергісі (R_o^{np}) есептеледі. Бұл көрсеткіш ғимараттың жылу жоғалтуларына жол

Ғимараттар мен бөлмелер	Жылыту мезгілінің градус-тәулігі, °С·тәул.	Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері, $R_o^{np}, м^2 \cdot ^\circ C/Вт$			
		қабырғалардың	өтетін жерлер үстіндегі жабындар мен аражабындардың	шатырлық, салқын еденасты мен ұясты қабаты жабындарының	терезелердің және балкон есіктерінің
Тұрғын үй	2000	2,1	3,2	2,8	0,30
	3000	2,8	4,2	3,7	0,45
	4000	0,7	1,0	0,9	0,1

бермеу және энергия тиімділігін арттыру мақсатында негізгі нормативтік параметр болып табылады.

1.2 кесте - Қоршаушы құрылымдардың келтірілген кедергілері

Қоршаушы құрылымдар үшін жылу таратуға келтірілген кедергі мәндері қабылданған соң, олардың жылу өткізгіштік коэффициенттері (k) келесі формула бойынша есептеледі

$$k = \frac{1}{R_o^{np}}, \frac{Вт}{м^2 \cdot ^\circ C} \quad (1.4)$$

Санитарлы – гигиеналық және комфорттық жағдайларға сәйкес ЖМГТ=3182 үшін сыртқы қабырғаның жылу таратуға келтірілген кедергісі қабылданады

$$R_o^{trp} = \frac{20 + 31,2}{4 \cdot 8,7} = 1,47 м^2 \cdot ^\circ C/Вт$$

Сыртқы қабырғаның жалпы жылу өткізу кедергісі анықталады

$$R_o = \frac{1}{8,7} + \frac{0,03}{0,042} + \frac{0,40}{0,8} + \frac{0,03}{0,76} + \frac{1}{23} = 1,41 м^2 \cdot ^\circ C/Вт$$

$$K = \frac{1}{1,41} = 0,71$$

Қоршау құрылымдарының келтірілген жылу кедергісінің аралық мәні анықталады

$$R_o^{np} = 0,00017 \cdot 5497 + 2,1 = 3,3 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

Жылуөткізгіштік коэффициенті

$$K = \frac{1}{3,3} = 0,3$$

Терезенің жылу техникалық есебі

$$R_o^{np} = 0,56 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}; \quad K = \frac{1}{0,56} = 1,78$$

Төбе жабынының жылу техникалық есебі

$$R_o^{np} = 4,94 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}; \quad K = \frac{1}{4,94} = 0,2$$

Еденнің жылу техникалық есебі

$$R_o^{np} = 4,37 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}; \quad K = \frac{1}{4,37} = 0,22$$

Ғимараттың сыртқы қоршауларының жылу жоғалуы әр бөлмелерге есептеледі кесте бойынша (Қосымша А1 кестесінде)

1.3 кесте - Қоршаушы құрылымдардың жылу техникалық сипаттамалары

Қоршау атауы	$R_o, \text{Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C})$	$k, \text{Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C})$
Сыртқы қабырға (1–7 қабат)	4,3	0,23
Жертөле сыртқы қабырғасы	3,91	0,26
Шатыр төбесі	3,87	0,26
Жазық төбе жабыны	5,2	0,19
Терезе әйнегі	0,65	1,47
Сыртқы есік	0,4	2,5
Өткел үстіндегі еден	5,02	0,2
Жертөле үстіндегі еден	3,9	0,26

1.2.1 Қоршаушы құрылымдардың жылу жоғалуы

Ғимарат ішіндегі жылу энергиясының қоршау конструкциялары арқылы сыртқы ортаға таралуы – жылу шығыны деп аталады. Бұл көрсеткіш тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жобалауда, соның ішінде Талдықорған қаласындағы 300 орындық аурухананың жылыту жүйесін есептеуде ерекше рөл атқарады. Жылу шығынын дұрыс бағалау үй-жайда тұрақты және санитарлық талаптарға сай температураны қамтамасыз етуге, энергия ресурстарын үнемдеуге және инженерлік шешімдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жылу шығынын есептеу үшін нақты жобалық деректер қажет. Атап айтқанда, ғимараттың қабаттық жоспарлары, биіктік өлшемдері, қималық сызбалар, құрылыс орнының климаттық сипаттамасы (яғни, Талдықорған аймағы), бас жоспардан бағыттар мен желдер туралы мәліметтер, сондай-ақ әрбір үй-жайдың мақсаты ескерілуі тиіс. Сонымен қатар, барлық сыртқы қоршау элементтерінің (қабырғалар, терезелер, есіктер, төбе және еден) құрылымы мен олардың жылутехникалық сипаттамалары да есепке алынады.

Жылу шығынын анықтау барысында барлық жылытылатын бөлмелер жүйелі түрде нөмірленеді: жертөле үй-жайлары – 01 санынан бастап, бірінші қабат – 101, екінші қабат – 201 және т.б. Мұндай жүйелеу есеп нәтижелерін түсіндіру мен салыстыруды жеңілдетеді.

Жалпы жылу шығыны екіге бөлінеді: негізгі және қосымша. Негізгі шығындар – қоршау элементтері арқылы жылудың сыртқа шығуы (мысалы, қабырғалар мен терезелер арқылы). Қосымша шығындарға желдету жүйелерінің әсерінен болатын ауа алмасу, сыртқы ауаның инфильтрациясы және жылытылмаған аймақтармен жылу алмасу жатады. Барлық бұл факторлар жеке бөлме бойынша да, ғимараттың жалпы көлемі бойынша да есепке алынып, толық жылу жүктемесі анықталады.

Тиімді жылыту жүйесін жобалау үшін мұндай есептер аса маңызды, өйткені олар жылыту құрылғыларының қуатын дұрыс таңдауға және ғимарат ішінде тиісті термиялық жайлылықты қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұл, әсіресе, медициналық мекеме сияқты ерекше санитарлық талаптар қойылатын нысандар үшін өте өзекті.

Негізгі жылу жоғалу келесі формуламен анықталады:

$$Q=F \cdot k \cdot \Delta t \cdot n, \text{ Вт} \quad (1.5)$$

мұндағы F – сыртқы қоршаудың ауданы;
 k – сыртқы қоршаудың жылу өткізгіштігі;
 Δt – ішкі температура мен сыртқы температураның айырмасы;
 n – түзету коэффициенті.

Ғимараттағы нақты жылу жоғалтуларын есептеуде қоршау құрылымдары арқылы өтетін жылу ағынын дәл бейнелеу үшін бірқатар түзету коэффициенттерін

ескеру қажет. Бұл коэффициенттер жылу беру процесіне әсер ететін қосымша факторларды – ғимараттың географиялық орналасуын, оның фасадтарының бағыттарын, желдің ықпалын және сыртқы қоршау элементтерінің санын ескере отырып, есептеудің нақтылығын арттырады.

Бағытқа байланысты түзетулер келесідей белгіленеді: егер бөлме солтүстік (С) немесе шығыс (Ш) жаққа қараса – 0,1; батыс (Б) жаққа – 0,05; оңтүстік (О) бағытқа ашылған бөлмелер үшін – түзету енгізілмейді, яғни 0. Сонымен қатар, бөлменің екі немесе одан да көп сыртқы қабырғасы болған жағдайда, қосымша 0,05 коэффициент енгізіледі. Желдің әсерін сипаттайтын коэффициент ретінде 0,1 шамасы қабылданады.

Аталған барлық факторлар жинақталып, негізгі жылу шығынына үстеме ретінде қарастырылады. Яғни, қорытынды түзету коэффициенті мына түрде анықталады: $1 + E_b$.

Нәтижесінде толық жылу жоғалтудың формуласы

$$Q_{жж} = Q \cdot (1 + E_b), \text{ Вт} \quad (1.6)$$

мұндағы E_b – қосымша түзетуші коэффициенттердің жиынтығы.


Егер жылу бөлінетін іргелес бөлмелер арасында температура айырмашылығы 3 °С-тан асатын болса, онда олардың арасындағы қоршау құрылымдары арқылы жүретін жылу алмасу жалпы жылу жоғалтуларын есептеуде міндетті түрде ескерілуі қажет. Мұндай тәсіл Қазақстан Республикасының ҚН 4.02-101-2012 «Жылыту, желдету және ауаны баптау» атты құрылыс нормаларына сәйкес жүзеге асырылады [4].

Жылу шығынын дәл анықтау үшін барлық сыртқы қоршау құрылымдарының аудандары (m^2) – соның ішінде сыртқы қабырғалар, терезелер, есіктер, төбе жабындары және едендер – жобаның сәулеттік жоспарлары мен тік қималары негізінде өлшенеді. Бұл кезде келесі тәртіп сақталады (сурет 1.1):

- Егер бірінші қабаттың едені тікелей топырақта орналасқан болса, қабырға биіктігі бірінші және екінші қабаттардың таза еден деңгейлерінің айырмасына тең деп алынады.
- Еден ағаш бөренелерге төселсе, онда өлшеу бөрене үстіндегі деңгейден екінші қабаттың еденіне дейін жүргізіледі.
- Жертөле жылытылмайтын жағдайда — биіктік бірінші қабаттың еден құрылымының астыңғы шетінен екінші қабаттың таза еден деңгейіне дейінгі аралықпен анықталады.
- Егер ғимарат бір қабатты және шатырлы болса, биіктік еден деңгейінен бастап шатырдың жылу оқшаулағыш қабатының жоғарғы шегіне дейінгі аралықпен алынады.


Аралық қабаттар арасындағы қабырғалардың биіктігі (мысалы, бірінші мен екінші қабат арасында) – сәйкес қабаттардың таза еден деңгейлерінің айырмасы

негізінде есептеледі. Ал жоғарғы қабаттарда бұл мән шатыр жабынының немесе төбе құрылымының жоғарғы шетіне дейінгі биіктікпен шектеледі [4, 5].



Сурет 1.1 Жылу өткізгіш қоршауларды өлшеу схемасы

Жылу жоғалтуды нақты және толық есептеу үшін әрбір бөлменің құрылымдық ерекшеліктерін ескеру қажет. Мысал ретінде дипломдық жобадағы аурухананың 101 бөлмесін қарастырайық. Бұл бөлме тамбур ретінде қызмет атқаратындықтан, онда бір сыртқы қабырға және бір сыртқы есік бар. Бөлме ғимараттың бірінші қабатында орналасқан, сондықтан төбе жабын арқылы жылу жоғалту ескерілмейді, алайда еден конструкциясы арқылы жылу шығыны есепке алынады. Бөлме жылытылмайтын жертөленің үстінде орналасқандықтан, еденді екі метрлік төрт аймаққа бөлеміз. 101 бөлме осы аймақтардың алғашқы екеуінде орналасқан (1 және 2 зоналар), сондықтан еден жылу шығыны есептеу кезінде осы екі аймақтың сипаттамалары негізге алынады.



Сурет 1.2 Қарастыралып отырған бөлме сызбасы

Қабырға Оңтүстікте орналасқандықтан бағыт коэффициенті 0 болады.

$$Q = 11,97 \cdot 0,4 \cdot 41,3 \cdot 1 = 197,771 \text{ Вт}$$

Сонда толық жылуы:

$$Q_{\text{жж}} = 197,771 \cdot 1,15 = 227 \text{ Вт}$$

Дәл осылай басқа конструкцияларды есептейміз.

Есік үшін жылу жоғалуы:

$$Q = 3 \cdot 0,4 \cdot 41,3 \cdot 1 = 49,56 \text{ Вт}$$

Толық жылуы:

$$Q_{\text{жж}} = 49,56 \cdot 1,15 = 57 \text{ Вт}$$

Айта кету керек, еден арқылы өтетін жылу шығынын есептеу кезінде түзету коэффициенттері қолданылмайды. Сондықтан еден үшін толық жылудың жоғалуы

$$1 \text{ аймақ } Q = 9,5 \cdot 0,47 \cdot 41,3 \cdot 1 = 184,405 \text{ Вт}$$

$$2 \text{ аймақ } Q = 4 \cdot 0,23 \cdot 41,3 \cdot 1 = 37,996 \text{ Вт}$$

Жылу шығынын анықтау кезінде әрбір құрылымдық элементтің ауданы, жылуөткізгіштік сипаттамалары және ішкі-сыртқы температура айырмашылығы ескеріледі. Нәтижесінде алынған барлық жеке жылу жоғалтулар біріктіріліп, бөлменің толық жылу шығыны анықталады.

Есептеулер нәтижесіне сәйкес, 101 бөлменің жалпы жылу жоғалту шамасы

$$Q_{\text{жж}} = 507 \text{ Вт}$$

Басқа бөлмелердің нәтижелері сәйкесінше есептеп, А.2-кестесіне енгізіледі.

1.2.2 Жылыту жүйесінің конструкциялық құрылымы

Жылыту жүйесінде жылу тасымалдағыш ретінде пайдаланылатын судың температуралық режимі ретінде 90–70 °С параметрлері қабылданады. Мұндай

температуралық режим ғимараттың жобалық жылу жүктемесіне сәйкес келіп, ішкі ауаның тұрақты температуралық жағдайын ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Баспалдақ алаңдарын жылыту үшін екі құбырлы тұйықталған жүйе қарастырылған, ол жүйеде жылу тасымалдағыштың бірқалыпты қозғалысы мен тиімділігі қамтамасыз етіледі. Ал негізгі жылыту жүйесі ғимараттың әр бөлігін теңгерімді жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін коллекторлық таратушы желі түрінде орындалған. Құбырлар еден асты құрылымына жасырын түрде төселіп, бұл шешім жүйенің қауіпсіздігімен қатар, интерьер эстетикасын да сақтауға септігін тигізеді.

Жылытқыш радиаторлар нормативтік талаптарға сай орналастырылады: еденнен кемінде 100 мм және қабырғадан 60 мм қашықтықта орнатылады. Бұл шешім ауа айналымын оңтайландырып, жылу беру тиімділігін арттырады. Аурухана палаталарында шойыннан жасалған радиаторлар қолданылады — олар жоғары жылу инерциясымен, ұзақмерзімді сенімділікпен және санитарлық-гигиеналық стандарттарға сәйкестікпен ерекшеленеді. Сонымен қатар, барлық жылыту құрылғыларына термореттегіш клапандар мен термостатикалық қондырғылар орнатылады, бұл әр үй-жайда қажетті температуралық жағдайды орнатуға және жылу энергиясын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Жылыту құрылғыларының тиімді жұмыс істеуіне қойылатын негізгі талап — бөлме ішіндегі ауаға максималды жылу беру мүмкіндігі. Бұл көрсеткішті арттыру үшін құрылғы жоғары жылуөткізгіштік қасиетке ие болуы тиіс. Радиатордың тиімділігіне оның конструкциялық ерекшеліктерімен қатар, орнату биіктігі, жылу тасымалдағыштың температурасы мен қозғалыс жылдамдығы, бөлме ішіндегі температура және басқа да параметрлер әсер етеді.

Жылыту аспаптарының жылу беті қосымша түзету коэффициентер арқылы анықталады

$$A_{жа} = \frac{Q_{жа}}{k(t_{опт} - t_i)} \cdot \beta_1 \cdot \beta_2, \quad (1.7)$$

мұндағы $Q_{жа}$ - бөлменің жылу жоғалуы, Вт;

$k_{жа}$ - жылыту аспабының жылу өткізгіштік коэффициенті,

қабылданады: шойын аспаптарына 7,84 Вт/м²°C;

t_i - бөлменің ішкі ауасының есептік температурасы, °C;

β_1 — қабылданған жылыту аспабының қосымша аудан арқылы жылу таратуын ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады (шойын радиаторлар мен конвекторларға 1,03÷1,08);

β_2 — жылыту аспаптары сыртқы қабырғаға орнатылатындықтан қосымша жылу жоғалуын ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады (шойын радиаторларға 1,02);

$$A = (1081 / 7,84 \cdot 82,5) \cdot 1,05 \cdot 1,02 = 1,45 \text{ м}^2$$

мұндағы t_{opt} – жылу тасымалдағыштың (судың) орташа температурасы

$$t_{opt} = \frac{t_1 + t_2}{2} = \frac{\tau_{cm} - \tau_{o2}}{2}, ^\circ\text{C} \quad (1.8)$$

мұндағы $t_i = \tau_{cm}$ – жылыту жүйесінің беретін құбырындағы судың температурасы, $^\circ\text{C}$;

$t_2 = \tau_{o2}$ – жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы судың температурасы, $^\circ\text{C}$.

Жылыту аспаптарының орнатылатын есепті саны

$$N_{жа} = \frac{A_{жа} \cdot \beta_4}{\phi_c \cdot \beta_3}, \text{ дана} \quad (1.9)$$

мұндағы β_4 – жылыту аспабы бөлмеде орнату түрін ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады (ашық орнатылғанда 1,0);

β_3 – жылыту аспабындағы секцияның санын ескеретін түзету коэффициенті, қабылданады;

ϕ – орнатуға қабылданған жылыту аспабының бір секциясының жылу бетінің аудандары, м^2 .

1.2.3 Сумен Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі

Жылыту жүйесінің жұмыс істеу тиімділігі оны дұрыс жобалауға тікелей байланысты. Бұл тұрғыда гидравликалық есептеулер ерекше маңызға ие, өйткені олар жүйенің барлық тармақтарымен жылу тасымалдағыштың қажетті мөлшерде және жылдамдықпен қозғалуы үшін жағдай жасайды.

Есептеудің негізгі мақсаты – құбырлардың диаметрлерін және ұзындықтарын, сондай-ақ жылу беру құрылғыларына дейінгі қысым айырмасын дұрыс анықтап, жүйеде бірқалыпты жылу таралуын қамтамасыз ету. Бұл ретте тек жылу жүктемесі ғана емес, сонымен қатар ішкі гидравликалық кедергілер, арматуралық элементтердің әсері және айналым контурларының ұзындығы ескеріледі.

Гидравликалық есеп жүргізудің бірнеше әдісі бар. Практикада кең таралған тәсілдердің бірі – меншікті қысым шығынын қолдану. Бұл әдіс әр метрге шаққандағы қысым жоғалтуды тұрақты шама ретінде қарастырады, соның негізінде құбыр диаметрі мен су жылдамдығы анықталады. Алайда бұл тәсіл нәтижесінде жүйенің әр тармағындағы қысым бірдей болмауы мүмкін, сондықтан орнатудан кейін жүйені гидравликалық реттеу қажет.

Тағы бір тәсіл – нақты гидравликалық қарсыласуларға сүйене отырып есептеу. Бұл жағдайда жүйенің әр элементі жеке қарастырылып, дәл сипаттамалары енгізіледі. Бұл әдістің дәлдігі жоғары болғанымен, оны жүзеге асырылуы күрделі және әдетте тек үлкен жобаларда қолданылады.

Сондықтан осы дипломдық жобада гидравликалық есеп бірінші әдіс бойынша өтеді. Аурухана ғимаратының жылыту жүйесі ретінде екі құбырлы тұйық жүйе таңдалған. Мұнда жылу тасымалдағыштың қозғалысы тұйықталған айналым схемасы арқылы жүзеге асырылады. Есептеу барысында жүйенің ең алыс орналасқан жылыту құрылғысынан өтетін негізгі айналым сақинасы таңдалып, оның әрбір бөлігі жеке қарастырылады. Әр аймақ үшін құбырдың ұзындығы, ағын жылдамдығы және жылу жүктемесі есептеледі. Тасымалдағыштың, яғни жобада қолданылып отырған судың қозғалыс жылдамдығы 0,3–1,5 м/с аралығында қабылданады.

Құбыр желісі бойымен орналасқан жабдықтар мен арматуралар (мысалы, реттеу крандары, ажыратқыш клапандар, ауа шығару құрылғылары) жүйенің сенімді әрі тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қарастырылады.

Жалпы алғанда, гидравликалық есептің нәтижесі – ғимараттың барлық бөліктерінде жылу энергиясының тең мөлшерде берілуі. Бұл әсіресе аурухана секілді объектілерде маңызды, себебі мұнда әр бөлме белгілі бір санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Бірінші аймақтың гидравликалық есебін мысал ретінде жүргізейік.

Аурухананың жылыту жүйесінің бірінші аймағындағы жоғалатын қысымы келесі формуламен анықталады

$$\Delta P = \Delta P_l + \Delta P_m, \text{ Па} \quad (1.10)$$

мұндағы ΔP_l – құбырдың тік ұзындығында жоғалытын қысым немесе ұзындықта жоғалытын қысым дейді, Па;

ΔP_m – жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, Па.

$$\Delta P = 28,6 + 8 = 37 \text{ Па}$$

Ұзындықта жоғалытын қысым

$$\Delta P_l = \rho \cdot V^2 / 2 \cdot l = R \cdot l, \text{ Па} \quad (1.11)$$

мұндағы R – 1 м ұзындықта меншікті қысым жоғалуы, Па/м, қабылданады кесте немесе номограмма арқылы.

$$\Delta P_l = 11 \cdot 2,6 = 28,6 \text{ Па}$$

Жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым

$$\Delta P_m = z = \frac{\sum \xi \cdot \rho \cdot V^2}{2} = P_{дин} \cdot \sum \xi, \text{ Па} \quad (1.12)$$

Мұндағы $P_{дин}$ – динамикалық қысым, құбырдағы судың жылдамдығына байланысты қабылданады, Па;

$\sum \xi$ – жергілікті кедергілердің қосындысы, әр учаскеге бөлек есептеледі.

$$\Delta P_m = 0,405 \cdot 2 = 8 \text{ Па}$$

Жылыту жүйесінің тиімділігі мен сенімділігі, ең алдымен, оның гидравликалық сипаттамаларының дәл есептелуіне байланысты. Жүйе бойымен жылу тасымалдағыш еркін әрі қажетті мөлшерде таралуы үшін, гидравликалық кедергілер есептік айналым қысымына сай болуы тиіс. Егер бұл талап орындалмаса, жүйеде ақаулар пайда болуы мүмкін: кейбір аймақтарда жылу жеткіліксіз болып, микроклиматтың бұзылуына алып келеді.

Гидравликалық есептеулер кезінде есептік қысым негізгі анықтамалық көрсеткіш ретінде қарастырылады. Ол арқылы жүйенің әртүрлі бөлігіндегі – яғни ең жоғарғы және ең төменгі нүктелеріндегі – қысым мәндерін нақты бағалауға болады. Бұл өз кезегінде жүйені реттеу және жобалау кезінде дұрыс шешім қабылдауға негіз болады. Мысал ретінде қарастырылған бірінші аймақтың есебі секілді басқа аймақтарды да есептеп, нәтижесін А.2 кестесіне енгіземіз.

1.3.1 Аурухана ғимараттарындағы желдету жүйесін ұйымдастыру ерекшеліктері

Санитарлық-гигиеналық және технологиялық талаптарды қамтамасыз ету мақсатында ғимараттарда тиісті ауа алмасу жүйесі – желдету қарастырылады. Бұл жүйе ішкі кеңістіктегі ластанған ауаны шығарып, оның орнына сырттан өңделіп әкелінген таза ауаны жеткізеді. Осындай ауа айналымы адам денсаулығына зиянды заттарды азайтып, қолайлы микроклиматты сақтауға мүмкіндік береді.

Ауруханаларда желдету жүйесін жобалау кезінде бөлмелердің тазалық дәрежесіне қарай жіктелуі үлкен рөл атқарады. Бұл бөлмелер ӨТ – өте таза, Т – таза және Л – лас санаттарына бөлінеді. Мұндағы басты қағида – өте таза (ӨТ) және таза (Т) бөлмелердің ауа айналымы лас (Л) аймақтардың желдету жүйесімен араласпауы тиіс.

Жалпы желдету және ауа баптау жүйелері төмендегі талаптарды орындауы қажет:

1. Ішкі микроклимат параметрлерін сақтау: әр бөлмеде оның функционалдық мақсаты мен тазалық санатына сәйкес температура, ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы мен құрамының тұрақты деңгейін қамтамасыз ету қажет.

2. Ауаның бағытталған қозғалысын реттеу: лас аймақтардан таза аймақтарға ауа өтуіне жол бермеу – аса маңызды. Бұл үшін функционалдық бөлімшелердің арасында, мысалы:

- Т санатындағы бөлмелерден ӨТ санатына;
- Л санатынан Т және ӨТ санатындағы бөлмелерге;
- қабатаралық деңгейлер арасында;
- түрлі құрылымдық блоктар арасында ауа ағынының алдын алатын инженерлік шешімдер қарастырылады.

Жобалау барысында мынадай негізгі бастапқы деректер ескеріледі:

- құрылыс салынатын жердің орналасуы мен табиғи-климаттық жағдайлары;
- ғимараттың жобалық шешімдері мен архитектуралық-жоспарлау құрылымы;
- өрт қауіпсіздігі мен жарылыс қаупі бойынша үй-жайлардың санаттары;
- объектінің пайдалану тәртібі (жұмыс режимі);
- жарықтандыруға қатысты талаптар мен жарық көздерінің түрі;
- технологиялық жабдықтардың орналасуы мен қуаты;
- жылу көздері мен салқындату жүйелерінің сипаттамасы;
- бу немесе ыстық судың қажеттілігі, қысымы мен температурасы;
- қызметкерлер мен келушілердің саны және орналастыру ерекшеліктері.

1.3.2 Сыртқы және ішкі ауаның есептік параметрлерін таңдау

Ғимараттың тіршілікпен қамтамасыз етілуін жобалау барысында сыртқы климаттық жағдайлар шартты түрде екі негізгі кезеңге бөлінеді: жылы және суық мезгілдер. Әр кезең үшін есептеулерде қолданылатын климаттық мәліметтер белгілі бір аймаққа тән А және В санатындағы нормативтік параметрлерге сәйкес алынады. Бұл деректер арнайы климаттық кестелер арқылы анықталады және жобалық шешімдерге негіз болады.

Ішкі кеңістіктегі ауа параметрлерін таңдау кезінде мына қағиданы сақтау маңызды:

- Температураның жоғарғы деңгейі ауаның төмен салыстырмалы ылғалдылығымен және жоғары қозғалыс жылдамдығымен үйлесуі тиіс.
- Ал керісінше, температура төмендегенде, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы жоғары болуы және ауа қозғалысы баяу болуы керек.

Жобалау кезінде энергетикалық үнемділік те ескерілуі тиіс – яғни ауаны өңдеу процесі (жылыту, салқындату, ылғалдандыру және т.б.) минималды энергия шығынымен жүзеге асатындай етіп, ауа параметрлері таңдалады.

Климаттық параметрлер мен ішкі ауа ортасының талаптары 1.3-кестеде ұсынылған, әрі қарай жүргізілетін есептеулер сол мәндерге негізделеді.

1.2 кесте - Есепке қажетті параметрлер

Есептік мезгіл	А параметрі					Б параметрі				
	$t_n, ^\circ\text{C}$	$I_n, \text{кДж/кг}$	$\phi_n, \%$	$d_n, \text{г/кг}$	$v, \text{м/с}$	$t_n, ^\circ\text{C}$	$I_n, \text{кДж/кг}$	$\phi_n, \%$	$d_n, \text{г/кг}$	$v, \text{м/с}$
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
ЖЖМ	29,4	41	29	8	1,8	32,5	53	29	11	1,8
ЖСМ	-12,5	-18	63	0,9	4,1	-25,3	-18	63	0,9	4,1

Жылыту-желдету маусымына (ЖЖМ) және жазғы салқындату маусымына (ЖСМ) қатысты климаттық деректердің 3, 4, 5, 8, 9 және 10-бағандары I-d диаграммасының көмегімен есептеледі. Бұл диаграмма ауа құрамындағы жылу мен ылғал параметрлерін графикалық түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Жобаланып жатқан бөлмелердің ішкі ауа параметрлерін анықтау кезінде жыл мезгілі, үй-жайдың функционалдық мақсаты, сондай-ақ бөлінетін зиянды заттардың түрі мен көлемі ескерілуі қажет. Мұндай есептік көрсеткіштер қатарына мыналар жатады:

- ауаның температурасы,
- меншікті энтальпиясы (яғни бір килограмм ауаға сәйкес келетін жылу мөлшері),
- ауа қозғалысының жылдамдығы,
- салыстырмалы ылғалдылығы,
- және абсолютті ылғал мөлшері.

Бұл параметрлерді нақты анықтау — желдету мен ауа баптау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

1.3.3 Ауа алмасу еселігі бойынша ауа ағынын ұйымдастыруды анықтау

Ауа алмасу – бұл ғимарат ішіндегі желдету жүйесінің жұмысын сипаттайтын негізгі сандық көрсеткіштердің бірі. Жалпы мағынада бұл – бөлме ішіндегі қолданылған, ластанған ауаны жаңа, таза ауамен алмастыру процесі. Қоғамдық, өндірістік және тұрғын үй ғимараттарында мұндай алмасуды дұрыс ұйымдастыру – желдету және ауа баптау жүйелерін жобалаудағы негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Бөлмедегі ауа алмасу көлемі — бұл адамдардың жайлы сезінуіне қажетті жаңа ауаның көлемін көрсететін шама. Бұл көрсеткішті есептеу бірнеше әдіс арқылы жүргізіледі:

- жылу балансы мен бөлінетін ылғал мөлшері негізінде;
- ауа жаңару жиілігі (уақыт бойынша);
- санитарлық-гигиеналық нормаларға сүйеніп.

Кез келген желдету түрі кезінде бөлмедегі ауа ішінара немесе толық жаңарып отырады. 1 сағат ішінде ғимаратқа енгізілген немесе одан шығарылған ауа көлемінің ішкі кеңістік көлеміне қатынасы ауа алмасу еселігі деп аталады. Ол мына формуламен есептеледі:

$$L = n \cdot V, \text{м}^3/\text{сағ} \quad (1.13)$$

мұндағы n – ауа алмасу еселігі,
 V – бөлменің көлемі, м^3 .

Әр бөлменің өзінің нормаланған еселігі бар.

Осылайша шағын ота жасау бөлмесінің көлемі 26,3 болса, ауа алмасу есебі келесідей жүреді

Ауа жеткізу $L=10 \cdot 26,3 \cdot 3=789 \text{ м}^3/\text{сағ}$

Ауа алып кету $L=5 \cdot 26,3 \cdot 3=394,5 \text{ м}^3/\text{сағ}$

Есептеудің қалған мәндері дәл осылай есептеледі және жұмыс сызбаларына енгізіледі.

1.3.4 Аэродинамикалық есептеу

Желдету жүйесінде ауа өткізгіштердің аэродинамикалық есебі олардың қимасының мөлшерлерін таңдауға және жүйенің жеке бөліктеріндегі, сондай-ақ жалпы желі бойынша қысым шығынын анықтауға негізделеді. Егер құбырлардың геометриялық өлшемдері мен жүйе ішіндегі қысым айырмасы белгілі болса, осы параметрлерге сүйене отырып ауа шығынын анықтауға болады.

Ауа қозғалысы кезіндегі кез келген көлденең қимада үш түрлі қысым байқалады:

- Статикалық қысым ($P_{ст}$) – бұл құбырдың берілген қимасындағы ауаның потенциалдық энергиясын сипаттайды және ол ауа өткізгіштің қабырғасына әсер ететін қысымға тең.

- Динамикалық қысым (P_d) – ауа ағынының қозғалыс энергиясын, яғни 1 м³ ауаға келетін кинетикалық энергияны көрсетеді.

- Толық қысым – бұл статикалық және динамикалық қысымдардың қосындысы болып табылады.

Желдету жүйесіндегі жалпы қысым жоғалуы екі негізгі себеппен туындайды. Біріншісі, үйкеліс шығындары – ауа өткізгіштің ішкі бетімен үйкеліс нәтижесінде орын алады. Екіншісі, жергілікті кедергілер – бұрылыстар, тарылу немесе кеңею аймақтары, клапандар мен торлар сияқты элементтер тудыратын қарсылықтар.

Қысым жоғалту мәндері желдету жүйесінің өнімділігіне тікелей әсер етеді және желдеткішті дұрыс таңдау үшін міндетті түрде ескерілуі тиіс. Оның формуласы

$$\Delta P = \Sigma(Rl + Z) \quad (1.14)$$

мұндағы R – желінің есептік учаскесіндегі үйкеліс қысымының жоғалуы, Па/1м;

L – арна учаскесінің ұзындығы, м;

Z – желінің есептік учаскесіндегі жергілікті кедергілерге қысымның жоғалуы, Па.

Дөңгелек каналдардағы R , Па/1м үйкеліс қысымының жоғалуы формула бойынша анықталады

$$R = \frac{\lambda}{d} \cdot \frac{\rho V^2}{2} \quad (1.15)$$

мұндағы λ – үйкеліске төзімділік коэффициенті;

d – құбырдың диаметрі, м;

$\frac{\rho V^2}{2}$ – динамикалық қысым, Па

V – ауа құбырындағы ауа қозғалысының жылдамдығы, м / с;

ρ – ауа өткізгіштегі ауа тығыздығы, кг / м³. $\rho = 1,2$ кг/м³

Ауа өткізгіштің ішкі бетімен өзара әсерлесуі нәтижесінде пайда болатын үйкеліс қарсылығы арнайы формуламен бағаланады. Бұл мақсатта инженерлік тәжірибеде кеңінен қолданылатын Альтшуль әдісі пайдаланылады, ол құбыр ішіндегі ағын жағдайына байланысты үйкеліс коэффициентін есептеуге мүмкіндік береді

$$\lambda = 0.11 \left(\frac{k_z}{d} + \frac{68}{Re} \right)^{0.25} \quad (1.16)$$

мұндағы k_z – 0,1 мм-ге тең қаңылтыр болат құбырлар бетінің абсолютті эквивалентті кедір-бұдырлығы;

d – құбырдың диаметрі, м;
 Re – Рейнольдс критерийі.

$$Re = v \cdot d / \nu, \quad (1.17)$$

мұндағы ν – ауа құбырындағы ауа қозғалысының жылдамдығы, м / с;
 ν – ауаның кинематикалық тұтқырлығы, м² / с. $\nu = 15,06 \cdot 10^{-6}$ м²/с

Ауа құбыры жүйесіндегі жергілікті қарсылықтардан туындайтын қысым шығыны, әдетте, ағынның сол нүктедегі динамикалық қысымымен тікелей байланысты болады.

$$Z = \zeta \frac{\rho V^2}{2} \quad (1.18)$$

мұндағы ζ – жергілікті қарсылық коэффициенті.

Жергілікті қарсылық коэффициенті, ζ , желдету жүйелеріндегі жеке элементтердің (иілімдер, тарылулар, кеңеюлер және т.б.) ағынға тигізетін әсерін сипаттайды және ол динамикалық қысымға қатысты қысымның жоғалуын есептеу үшін қолданылады. Бұл коэффициенттің мәні қолданылатын элементтің түріне байланысты өзгеріп отырады және көбіне 0 мен 10 аралығында болады.

Құбыр бойымен ауа ағыны өткенде пайда болатын қысымның жалпы шығынын анықтау барысында, материал бетінің кедір-бұдырлығы ескерілуі тиіс. Бұл фактор ағынның турбуленттілік дәрежесіне әсер етеді және үйкеліс коэффициенті арқылы есепке алынады. Осылайша, әрбір құбыр бөлігінде қысым жоғалуы тек қана геометриялық параметрлерге ғана емес, сонымен қатар ішкі беткі қабаттың құрылымына да тәуелді болып есептеледі:

$$\Delta P = \Sigma(Rl_n + Z) \quad (1.19)$$

Желдету жүйелерінің аэродинамикалық есептеулері әдетте ауа алмасу көлемі анықталғаннан кейін және желдеткіш арналар мен каналдарды орналастыру схемасы нақтыланған соң жүргізіледі. Бұл кезеңде жүйедегі ауа ағысының қозғалысын қамтамасыз ету үшін қажетті қысымдар мен құбыр қималары есептеліп, желдету құрылымының тиімділігі бағаланады.

$$\text{Сәйкессіздік} = \frac{\Delta P_{\text{маг}} - \Delta P_{\text{отв}}}{P_{\text{маг}}} * 100\% \quad (1.20)$$

Мысалы бірінші аймақ үшін есептеу жүргізейік.

Ең алдымен Рейнольдс критерийі анықталады

$$Re=3,3 \cdot 0,3/0,00015=3303$$

Критерийді пайдалана отырып үйкеліске төзімділік коэффициенті табылады

$$\lambda=0,11 \cdot \left(\frac{0,1}{150} + \frac{68}{9500}\right)^{0,25}=0,033$$

Коэффициент белгілі болған соң үйкеліс бойынша қысымының жоғалуын табуға болады

$$R=\frac{0,028}{0,25} \cdot \frac{1,2 \cdot 5,7^2}{2}=0,146 \text{ Па/м}$$

Келесі кезекте бөлек жергілікті қарсылық коэффициентін есептеп, жергілікті қарсылық қысымының жоғалуы анықталады

$$Z=0,5 \cdot (1,2 \cdot 3,3^2)/2=0,334$$

Барлық есептеулер аяқталған соң жалпы желдету жүйесіндегі қысымның жоғалуын табамыз

$$\Delta P=0,584+0,334=0,918 \text{ Па}$$

Басты аймақта қосымша аймақпен байланыс болса, сәйкессіздікті анықтаймыз. Ол 15 пайыздан төмен болуы қажет.


$$\text{Сәйкессіздік} = \frac{0,918-0,895}{0,918} \cdot 100\%=2,5\% (>15\%)$$

Осы қадамдарды басқа аймақтар үшін орындап, шыққан мәндерді кестеге енгіземіз. (Б. 1-кесте)

1.3.5 Желдету қондырғыларын таңдау

Аэродинамикалық есеп аяқталғаннан кейін, есептелген номиналды ауа шығынына сәйкес желдету жүйесінің негізгі элементтері таңдалады. Бұл элементтер қатарына: кіреберісте орналасқан жылытқыш клапаны бар блок, ауа сүзгілері, жылуалмасу модульдері, желдеткіш құрылғысы және шу азайтқыш элементтер жатады. Қазіргі заманғы желдету жүйелеріне қойылатын талаптар тек функционалды тиімділікпен шектелмей, сонымен қатар энергия үнемдеуші, экологиялық қауіпсіз, сенімді және ұзақ мерзімді қызмет етуге бағытталуы тиіс.

Осы дипломдық жобада ауа беру құрылғысы ретінде П1 1400 (ID 978525) АНУ 160 L маркалы құрылғы қарастырылған.



Сурет 1.4– Ауа жеткізу қондырғысының схемасы

Жобада қолданылатын ауа жеткізу құрылғысы ауа өңдеу және таратуға арналған заманауи агрегат болып табылады. Бұл қондырғы аурухана типіндегі ғимараттарға қажетті таза және тұрақты ауа ағынын қамтамасыз етуге арналған.

Құрылғының негізгі сипаттамалары 1.3-кестеде көрсетілген.

1.3 кесте - Ауа жеткізу қондырғысының сипаттамалары

Бос қысым	350 Па
Өнімділік	1400 м ³ /сағ
Температура	-25,3°C
Ауа жылдамдығы	1,11 м/с

Аталған ауа беру агрегатының тиімділігі жоғары, құрылымы ықшам және орнатуға ыңғайлы. Ол микроклиматты реттеуге арналған барлық талаптарды орындай отырып, қауіпсіздік және санитарлық-гигиеналық стандарттарға сай келеді.

Ауа жеткізу құрылғысының құрылымына келетін болсақ, ол бірнеше маңызды құрамдас бөліктерден тұрады, бұлардың әрқайсысы желдету жүйесінің тиімді және тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді:

